

БҰЙРЫҚ

26. 12. 2023 ж

Тараз қаласы

ПРИКАЗ

No

62-Н/К

город Тараз

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы Үлгілік ереженің 13-тармағының 5-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-да (бұдан әрі – Кәсіпорын) 2023 жылға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Талдау) жүргізілсін.
2. Талдау бағыты ретінде «Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» белгіленсін.
3. Бұйрыққа № 1 Қосымшаға сәйкес Талдау жүргізу жөніндегі жұмыс жоспары бекітілсін.
4. Бұйрыққа № 2 Қосымшаға сәйкес Кәсіпорында Талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы құрылсын.
5. Бөлім басшылары Талдау жүргізу үшін ақпараттың уақытылы және анық берілуін қамтамасыз етсін.
6. Талдау өндірісі 2024 жылғы 3–31 қаңтар аралығы кезеңіне айқындалсын.
7. Кадр жөніндегі инспектор М. Ералиева барлық бөлімдердің басшыларын осы бұйрықпен таныстырсын.
8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
9. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Директор

Б. Жусупов